

Сарыағаш аудандық мәслихат депутаттарының назарына!

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті он сегізінші сессиясы 2022 жылдың 11 наурыз күні сағат 16:00-де Сарыағаш аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтетіндігін хабарлаймын.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2022 жылдың 11 наурыз күні сағат 10:00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді.

Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті сессиясының онлайн трансляциясы saryagashmaslihat.gov.kz сайтында жүргізіледі.

Сессия қарауына енгізілген мәселелер:

1. Сарыағаш ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
2. Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
3. Кәмелет жасқа толмағандардың істері жөніндегі комиссияның бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
4. Ақжар ауылдық округі әкімінің оған жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
5. Әлімтау ауылдық округі әкімінің, оған жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
6. Дербісек ауылдық округі әкімінің, өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
7. Жарты төбе ауылдық округі әкімінің, өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
8. Сарыағаш аудандық мәслихатының бақылауда тұрған шешімдері мен тұрақты комиссияларының қаулыларының орындалу барысы туралы;
9. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 21-226-VI ««Б» корпусы Сарыағаш аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
10. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 21 шілдедегі №9-64-VII «Сарыағаш аудандық мәслихатының регламентін қайта бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
11. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 маусымдағы №7-57-VII «Аудан әкімдігінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияны қайта құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
12. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі №54-479-VI «Сарыағаш ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
13. Сарыағаш ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

**Аудандық мәслихат
хатшысы**

С.Таскулов